

Шахтинск қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 72/01 "Шахтинск қаласына бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе құрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қарағанды облысы Шахтинск қаласының әкімдігінің 2024 жылғы 4 қыркүйектегі № 35/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 6 қыркүйекте № 6647-09 болып тіркелді

Шахтинск қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Шахтинск қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 72/01 "Шахтинск қаласына бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе құрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26342 болып тіркелді) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Шахтинск қаласына бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе құрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу қағидаларының 2-тармағының 2) тармақшасы жаңа редакцияда баяндалсын:

"2) кондоминиум объектісі – дара (бөлек) меншіктегі пәтерлерден, тұрғын емес үй-жайлардан, орынтарап орындарынан, қоймалардан және дара (бөлек) меншіктегі болмайтын және пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың, орынтарап орындарының, қоймалардың меншік иелеріне көппәтерлі тұрғын үй тұрған біртұтас бөлінбейтін жер участекін және (немесе) үй жанындағы жер участекін қоса алғанда, ортақ үлестік меншік құқығымен тиесілі ортақ мүліктен тұратын біртұтас мүліктік кешен;".

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шахтинск қаласының әкімі

M. Кыдырганбеков